

**<sup>1</sup>Жаксыбекова Д.К.<sup>а</sup>, <sup>2</sup>Нуркайдар Н.Е.**

<sup>1</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>ЖШС «EVISA TRAVEL», Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКСКУРСИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Жаксыбекова Динара Кабировна, Нуркайдар Назерке Ертісқызы

### **Қазақстандағы инновациялық экскурсиялардың түрлері**

**Аңдатпа.** Туризм әлемдік экономиканың дамуының қазіргі жағдайларында жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналып отыр. Елімізде туризмді дамыту арқылы оны табыс көзіне айналдыру мақсатында отандық және шетел туристерінің сұраныстарын қанағаттандыру, қызығушылықтарын арттыру үшін туристік инновациялық экскурсиялар мен турларды арттыру қажет. Инновацияларды енгізу арқылы күтілетін нәтижелер туристік кәсіпорындар мен тұтынушылар арасындағы байланысты нығайтады, сондай-ақ туроператорлардың өнімін едеттегіден басқаша жаңа түрге ауыстыруға мүмкіндік береді. Мақалада Қазақстандағы инновациялық туризм түрлері мен формалары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** инновация; туризмдегі инновация, – виртуалды тур, анимациялық турлар, кемпингтік туризм және автокеруен, агротуризм (сауыл туризмі).

Zhaxybekova Dinara Kabirovna, Nurkaidar Nazerke Yertiskyzy

### **Types of innovative excursions in Kazakhstan**

**Annotation.** Tourism is becoming one of the leading and growing industries in the current conditions of the development of the world economy. In order to dynamically develop tourism and attract income to the country's economy, tour operators producing a tourism product should use innovative tourist routes to meet the needs of domestic and foreign tourists. Expected results through innovation strengthen the relationship between tourism enterprises and consumers, also allow tour operators to change their product to a new type, different from the usual. The article discusses the types and forms of innovative tourism in Kazakhstan.

**Key words:** innovation; innovations in tourism, virtual tour, animation tours, camping tourism and caravan, agrotourism (rural tourism).

Жаксыбекова Динара Кабировна, Нуркайдар Назерке Ертісқызы

### **Виды инновационных экскурсий в Казахстане**

**Аннотация.** Туризм становится одной из ведущих и быстроразвивающихся отраслей в современных условиях развития мировой экономики. В целях динамичного развития туризма и привлечения дохода в экономику страны туроператорам, производящим туристский продукт, следует использовать инновационные туристские маршруты для удовлетворения потребностей отечественных и иностранных туристов. Ожидаемые результаты за счёт внедрения инноваций укрепляют отношения между туристскими предприятиями и потребителями, а также позволяют туроператорам изменить свой продукт на новый тип, отличный от привычного. В статье рассматриваются виды и формы инновационного туризма в Казахстане.

**Ключевые слова:** инновация, инновация в туризме, виртуальный тур, анимационные туры, кемпинговый туризм и караван, агротуризм (сельский туризм).

**Кіріспе.** Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында туризмнің эко және этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлуді сондай-ақ, Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару және туризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет деп тапсырды [1]. Туризм саласындағы білікті мамандарды дайындау, бәсекеге қабілетті болу, әр маман өзінің саласында инновациялық идеяларды іске асыруы – бүгінгі күннің талабы. Осыған байланысты, «Инновациялық турлардың түрлері мен формалары» атты мақала, туризмдегі инновациялардың теориялық жағдайларын кешенді қарастырады және практикалық кәсіпкерлік қызметте инновацияның қазіргі заманғы қағидаларын қолдану үшін іргелі білім береді.

Туризм біздің елімізде ғана емес бүкіл әлемдік экономиканың дамуының қазіргі жағдайларында жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналып отыр. Туризмді дамыту экономиканың басты секторларының (көлік, байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, жаппай тұтынылатын тауарлардың өндірісі) дамуына, шетел валютасы ағынының, бюджетке салықтық түсімдердің, жұмыс орындары санының өсуіне әкеледі [2].

**Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы:** зерттеу мәселесі бойынша, психологиялық-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау; туристік-экскурсиялық кәсіпорындардың қызметкерлерімен әңгімелесу.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау:** Түрлі табиғи, тарихи және рекреациялық ресурстарға, әлемдік мәдени-тарихи мұра нысандарына ие бола отырып, Қазақстан инновациялық туристік өнімдерді әзірлеу мен дамытуда және туристік қызмет үшін шексіз мүмкіндіктер бере отырып, әлемдік туристік картада өзіндік орын алу үшін барлық қажетті алғышарттарға ие. Ол үшін туристік өнімді құрастырушы кәсіпорындардың өзіндік маркасы болуы керек, тұтынушылардың сұранысы мен қызмет көрсетуді саралауды ескеруі қажет.

Қазіргі нарықтық жағдай мен қатаң бәсекелестік, туристік кәсіпорындардың сыртқы жағдайлардың тез өзгеруіне бейімделуі, уақытқа байланысты туристердің қажеттіліктері мен сұраныстарының өсуі, туристік өнімнің жаңа бағыттарын ашу мен жаңашылдық әкелуі бүгінгі

күн талабына айналып отыр. Яғни туристік саланы дамытудың инновациялық жолын енгізу қажеттілігі туындады. Жаңа маршруттардың пайда болуы жаңа экскурсиялық нысандардың пайда болуына, өнімнің әртүрлілігіне және оны ұсынудың әртүрлі формаларына әкеледі. Туристік экскурсиялық қызмет көрсету эволюцияның ұзақ жолынан өтті – экскурсоводтың алғашқы әңгімелерінен бастап қазіргі заманғы ерекше театрландырылған және 3D экскурсияларына дейін. Сондықтан туристік қызмет көрсетуде инновация түрлерін қолдану заман талабы.

«Инновация» (innovation) ұғымы алғаш рет 1297 жылы француз тілінде пайда болды, (ағылшын тілінде-1553 жылы). Көптеген зерттеушілердің пікірінше, бұл терминді ХХ ғасырда ғылыми айналымға енгізген австриялық экономист Й.А. Шумпетер болды [3]. Инновация сөзін «жаңашылдық», «жаңалық», «тапқырлық» сөздерімен тең мағынада қарастырып, қолдануға болады.

Туристік қызметтегі инновациялық бағыттар дамуға әсер ететін және сайып келгенде бәсекеге қабілеттілік пен өнімге деген сұранысқа әсер ететін ерекше сипаттарға ие және олар әр түрлі формада болуы мүмкін. Егер туристік өнімдерді құру және сатуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылса, онда туристік өнімдерді инновациялық деп атауға болады. Менеджерлер, маркетингтер, жарнама мамандары, әдіскерлер, кәсіби гидтер, ғылым мен мәдениет өкілдері туристік қызметтерге арналған инновациялық өнімдерді әзірлеуге қатысады. Форматы мен әдісіне байланысты инновациялардың көпшілігі мастер-класстар, ойын элементтері бар экскурсиялар, велосипедпен серуендеу, квест-экскурсиялар, виртуалды экскурсиялар, үш өлшемді нысандардың демонстрациялары (3D) болып табылады. Радио гидтер, аудио гидтер және бір тілде автоматты GPS экскурсияларды, экскурсиялардың техникалық қолдаудағы инновацияларына жатқызамыз. Технологиялық инновациялардың ішінде туристік нысандарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беретін инновацияларды атап өтуге болады. Оған QR коды, мобильді нұсқаулықтар мен анықтамалықтар, мобильді нұсқаулықтар мен анықтамалықтар орналастырылған онлайн қызметтер жатады.

Экскурсияда инновациялар төмендегідей болуы мүмкін:

- экскурсиялық өнімнің инновациялары;
- экскурсияны әзірлеу және өткізу технологиясындағы инновациялар;
- экскурсиядағы техникалық инновациялар;

- маркетинг пен басқарудағы инновациялар;
- жеке инновациялар (экскурсоводтың сыртқы түрі, стилі).

Қазіргі уақытта тұтынушыларға ұсынылатын тақырыптары қызықты әрі тартымды болуы керек. Өйткені тұтынушыларды әсіресе жастар мен жасөспірімдерді дәстүрлі шолу немесе тақырыптық экскурсиялармен қызықтыру қиын.

Экскурсиялық өнімдердегі инновациялар алуан түрлі, олар ашық аспан астындағы мұражайлардан, романтикалық экскурсиялардан бастап жұмбақ жерлерге экскурсиялар, табиғи және техногендік апаттар аймақтары, шатырлар мен жертөлелер, зындандарға дейін жалғаса береді. Мұнда экскурсияға қатысушылардың жасына, қызығушылықтарына қарай да әртүрлі болуы мүмкін. Жастар мен жасөспірімдерге интерактивті және анимациялық әдістері, ал орта және егде туристер үшін тарихи орындар немесе тыныш табиғат аясы т.б. ұнауы мүмкін.

Қазақстандағы экскурсиялық инновациялар:

- кіру және ішкі туристер үшін ақпараттық платформа құру (қазір Қазақтуризм немен айналысады);
- Қазақстанның киелі, мәдени, рекреациялық аймақтары белгіленген электрондық карталар жасау;
- этноауылдардың дамуы
- түрлі туристік кластерлер шеңберінде бейне турлар құру;
- виртуалды тур;
- анимациялық турлар
- кемпингтік туризм және автокеруен
- агротуризм (ауыл туризмі);
- аңшылық туризм;
- экологиялық туризм және т. б.

Жоғарыда аталғандарға тоқталар болсақ: Соңғы жылдары кіру және ішкі туристер үшін ақпараттық платформа құрумен «Kazakh Tourism» айналысып отыр. Бұл ұйым құрылғалы бері (2017 ж.) бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Мысалы: ұлттық туристік өнімдерді қалыптастыру үшін туризмнің төрт негізгі түріне назар аударады. Бұл бірегей табиғаты мен өзіндік мәдениеті бар, эко-туризммен және этникалық туризммен айналысатын, фестивальдар, ойын-сауық іс-шараларын, шытырман оқиғалы турлар мен этникалық құрамдас бағдарламаларды өткізетін Қазақстанның басты туристік өнімі. Жалпы бұл ұйым цифрлық маркетингке ерекше назар аударады.

Ғылым мен техниканың жанаруы мен жетістіктерінің арқасында пайда болған виртуалды экскурсиялық турларды қарастыратын

болсақ, ол қазіргі уақытта әртүрлі жобалар мен әзірлемелерді білдіреді. Виртуалды шындық термині 1980 жылдардың ортасында Дж.Ланьер-музыкант, компьютерлік техник және кәсіпкер, оның фирмасы VR өзара әрекеттесуін басқаруға арналған алғашқы сандық қолғапты, сондай-ақ VR модельдерін құруға арналған құралдарды жасады [5].

Соңғы жылдардағы технологиялық жетістіктер виртуалды әлемге жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етті. Виртуалды әлемде компьютер нақты адамдармен, жасанды кейіпкерлермен байланыс орнатуға, басқа өлшемдерге енуге, кеңістікті құруға, оқиғалардың даму жылдамдығын орнатуға болады. Мысалы біздің елімізде де Виртуалды турлар порталы мен 3D панорамалары Қазақстанның көптеген қалалары мен ондағы туристік объектілердің әр бұрышын үйден шықпай-ақ көруге мүмкіндік береді.

Виртуалды экскурсиялар:

- қызықты виртуалды экскурсиялар жасауға, сарайлар мен үйлердің ерекше интерьерлерін көруге, мұражайлар экспозициясымен танысуға мүмкіндік береді;
- көрермендерге жойылған интерьерлердің тарихи қайта құруларын көрсетеді;
- шынайы емес, жоғалған виртуалды экспозицияны құру мүмкіндіктерін ұсынады;
- виртуалды шындыққа саяхат жасауға мүмкіндік береді-бір суреттен екіншісіне ауысу, соның ішінде экскурсиялық шоу объектілерінің сюжеттеріне негізделген арнайы жасалған үш өлшемді кеңістік [5].

Экскурсиялық қызмет көрсетудің жаңа бағытының тағы бірі анимациялық турлар. Қазіргі уақытта экскурсияның интерактивті және анимациялық әдістері өте танымал. Экскурсиялық анимация (лат. анимация – «жандандыру, жігерлендіру, рухтандыру») – туристік қызмет, оны көрсету кезінде экскурсант белсенді әрекетке қатысады. Экскурсиядағы анимация тұтынушылардың бос уақыттарын қызықты және тартымды ету. Бұл клиенттерге қызмет көрсетудің бір түрі, олардың мақсаты жағымды эмоцияларды ояту, ақыл-ой қабілеттерін белсендіру, тұтынушылардың экскурсияға деген қызығушылықтарын арттыру.

Анимациялық іс тәжірибесінде экскурсияны ұйымдастырған кезде анимациялық бағдарламаларды мақсатты түрде құру үшін экскурсиялық анимацияның келесі функцияларын бөліп көрсетуге болады [5]:

- ақпараттық – экскурсия тақырыбы туралы жаңа ақпарат алу (бұл кез-келген аймақтың тарихи, өлкетану ерекшеліктері немесе тарихи

орындар, өнер объектілері және т. б. болуы мүмкін);

– білім беру-қоршаған әлем туралы жаңа білімнің жарқын әсерлері нәтижесінде игеру және бекіту;

– тұрақтандырушы-жағымды эмоциялар құру және психикалық тұрақтылықты ынталандыру;

– өтемақы – адамның күнделікті өмірдің физикалық және психикалық шаршауын босату;

– жетілдіру-интеллектуалды даму;

– бейімделу – күнделікті жағдайдан бос, бос уақытқа ауысуға мүмкіндік береді;

– жарнамалық – экскурсиялық-анимациялық бағдарламалар арқылы туристі ел, аймақ, туристік кешен, турфирма туралы жарнама тасымалдаушы ету мүмкіндігі.

Анимация элементтері бар экскурсияда ойын маңызды орын алады. Экскурсияда ойын белсенді танымдық іс-әрекеттің сипатына ие, ақыл-ой дамуының, моральдық және эстетикалық тәрбиенің тиімді құралына айналады.

Аниматорлар өз жұмыстарында кәсіби гидтермен, фольклорлық және басқа да шығармашылық ұжымдармен, карнавалдар мен фестивальдерді ұйымдастырушылармен, мұражай қызметкерлерімен, демалыс орталықтарымен тығыз жұмыс атқарады. Экскурсиялар үшін арнайы сценарий жасалады, онда маршруттың қажеттіліктерінен бастап ойын-сауық мамандарын шақыруға дейінгі іс-шараның барлық жөн жоспары қарастырылады. Театр кескіндемесі қалалық Туризмдегі ең танымал және инновациялық бағытқа айналды. Көптеген туроператорлар мұражай қызметкерлерімен, тәрбиешілермен және психологтармен бірлесе отырып, қызықты экскурсиялар жасайды, онда оқиғалы туризм үлкен орын алады.

Музейлердегі инновациялық экскурсиялар. Музейлерде нарықтық қатынастардың дамуына және қоғамның рухани өміріндегі өзгерістерге байланысты инновацияны қолдануларына тура келді. Мұражай қызметіне инновацияларды енгізу Қазақстандағы көркем, тарихи және тақырыптық мұражайлардың жалпы деңгейінің дамуымен тығыз байланысты болып келеді. Мұндағы инновация жойылып кеткен немесе нақты жануарлардың электронды модельдерін көрмелерге, спектакльдерге, жобалау әдістеріне, рөлдік ойындарға, компьютерлік көрме нұсқаулықтарына орналастыру сияқты үлкен жаңалықтармен сипатталады. Сондай-ақ туристерді тарту үшін жыл сайын сапалы жаңа экскурсиялар әзірлейді, соның ішінде мультимедиялық жарнамалар, үш өлшемді театр бағдарламаларындағы фильмдер, концерттер,

анимациялық ойындардан бастап, музейден шығып жақын жерде қызықты архитектуралық және тарихи нысандарды көрсету яғни, дәстүрлі емес компоненттерге дейін ұйымдастырады.

Қандай да болсын саяхат ең алдымен туристерді орналастырудан басталады, соның бірі - табиғат аясында демалғанды жақсы көретін туристер үшін ұйымдастырылатын автотуристерге маусымдық қызмет көрсету кешені болып саналатын кемпингтік турлар.

Кемпинг – онда қарапайым орналастыру орындары, автотұрақ, тамақ дайындауға арналған ошақтар немесе қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары болады.

Елімізде кемпингтік туризмді және автокеруенді дамыту үшін мынадай іс-шаралар іске асырылады [2]:

1) дамыған елдердің халықаралық стандарттары негізінде санатына байланысты кемпингтерді жобалау және олардың қызмет ету стандарттарын (көрсетілетін қызметтердің тізбесін және сервис деңгейін) әзірлеу;

2) неғұрлым танымал автомаршруттар бойында, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, кемпингтер, трейлер парктері, глэмпингтер, этноауылдар желісін құруға жәрдемдесу;

3) Қазақстан өңірлерінде туристік көлікті (автоүйлер, туристік тұрғын тіркемелер) жалға беруді және сатуды ұйымдастыру кезінде қолдау көрсету, сондай-ақ кемпингтер әкімшілерін, туристік көліктерге (автоүйлер, туристік тұрғын тіркемелер) қызмет көрсететін мамандарды оқыту;

4) танымал автомаршруттарды (брендтік автотурларды) Қазақстанның туристік өнімдерін шетелде ілгерілету жөніндегі стратегиялық жоспарға қосу.

Анимациялық экскурсиялардың ең көп таралған түрлеріне мыналар жатады [4]:

– тарихи құнды орындар мен оқиғалар;

– әдеби, деректі немесе көркем шығармалар;

– мерекелер, карнавалдар, фестивальдар, кейбір маңызды спорттық іс-шаралар және т.б. оқиғаларға байланысты болуы мүмкін.

Экскурсияны тартымды әрі қызықты өткізудің тағы бір түрі – экскурсиядағы квест ойындар. Квест-экскурсия – бұл әдіснамалық және әдіснамалық түрде құрылған және іске асырылған, көрікті жерлердің интерактивті және стандартты емес көрсетілімі (табиғи, тарихи-мәдени мұра объектілері және т.б.), оның негізінде экскурсанттардың көз алдында

тұрған объектілерді талдау, сондай-ақ белгілі бір әрекеттерді орындау арқылы түнеусіз 24 сағаттан аз уақытқа созылатын олармен байланысты оқиғалар туралы сапалы әңгіме мен тапсырмалар және маршруттың өтуі [3].

Квест-экскурсияны былайша әзірлеуге болады [4]:

- квест түріндегі дәстүрлі шолу экскурсиясы;
- бір көшенің тарихына экскурсия;
- қаланың белгілі бір тарихи ауданының тарихына экскурсия;

– қандай да бір мерекеге, оқиғаға, іс-шараға орайластырылған іс-шара квесті;

– белгілі бір архитектуралық ескерткіштерге экскурсия (ағаштан жасалған сәулет туындылары, көпестердің үйлері, белгілі бір архитектордың сәлет ескерткіштері мен үйлері және басқалары);

– ұйымдар мен кәсіпорындардағы және тарихи ғимараттардағы, қызықты көрсету нысандарындағы квесттер.

Экскурсиядағы квесттің анимациядан айырмашылығы неде дейтін болсақ, анимациялық бағдарламада сюжет болады. Бірақ ол квест ойындарында да бар, бірақ оны миссия деп атайды. Мұнда миссия экскурсияның тақырыбына қарай әр түрлі болуы мүмкін (күпия құжаттарды іздеу, тарихи орындарды картада белгілеу және т.б.). Театрлық немесе анимациялық экскурсиялардан айырмашылығы, экскурсияны әзірлеу және жүзеге асыру ең аз ақшалай шығындарды талап етеді, өйткені костюмдердің болуы және қосымша адам ресурстарын тарту оларды құрудың алғышарттары емес. Квестте барлық тапсырмалар логикалық түрде кеңестер мен тұжырымдармен байланысты болады. Мұндай ойындар баланың логикалық ойлауына, ой өрісін дамытуға көмектеседі және логикалық мәселелерді шешеді, ақпарат іздеумен, ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуді, пайдалы ақпаратты табуды, оны қолдана білуді, сондай-ақ топпен жұмыс жасауды үйренеді, өздеріне деген сенімділігін арттырады, тәжірибе жинауға, оны болашақта қолдана алуға баулайды. Квест-экскурсияның түпкі мақсаты – қатысушылардың білімдерін жұмбақтарды шешу барысында игеру және көргендері мен естігендері арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру, білімдерін толықтыру.

Қазақстанда соңғы уақытта жақсы дамып келе жатқан инновациялық туризмнің бірі агротуризм немесе ауылдық туризм. «Агротуризм» дегеніміз ауыл шаруашылық кәсіпорындарында қонақтарды қабылдаумен байланысты іс-әрекет түрі [2].

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында агротуризм (ауыл туризмі) саласында мынадай шаралар қарастырылған болатын:

1) «агротуристік қызмет» және «ауыл туризмі» ұғымдарын енгізу;

2) агротуризмді көпшілікке тарату және насихаттау;

3) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық жерлерде агротуристік объектілерді: мейманханаларды, «агротуристік ауылдар», «балықшылар және аңшылық ауылдары» нысанында мамандандырылған жеке отельдерді дамыту және т.с.с. [2].

Қазіргі таңда біздің елімізде агротуризм (ауыл туризмі) табиғи туристік-рекреациялық ресурстары бар жерлерде дамып келеді мысалы, Алматы облысындағы Саты ауылы, мұнда туристер табиғатты тамашалауға және аңшылық туризммен айналысуға келеді. Жалпы агротуризмді (ауыл туризмі) көптен жерлерде ұйымдастыруға болады, мысалы Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында ара өсіру шаруашылықтарына тур жасауға болады, туристер мұнда араның ұясымен, арадан қалай бал алынатындығымен танысады және әр түрлі жеміс-жидектен немесе шөптен жасалған шайдан дәм татады.

Қазақстанның қай өңірінен болсын қолөнершілерді табуға болады, мұнда туристер қолөнер түрлерімен ғана емес әшекей бұйымдарды, музыкалық аспаптарды, ыдыс-аяқтарды және т.б. қалай жасалатындығымен танысады, сондай-ақ қолөнершінің үйретуімен өзіде жасап көруіне болады.

Агротуризмді (ауылдық туризм) өңірдің барлық ресурстарын пайдаланып дамыту, туристер үшінде сол турды өткізіп отырған шаруашылық қожалықтары үшін де тиімді болары сөзсіз. Туристер табиғатты тамашалап, таза ауамен дем алып, жергілікті тағамдарынан дәм татып, мәдениетімен танысып, жаңа нәрсені үйренеді. Ал сол кәсіппен айналысып отырғандар өз өнімдерін туристерге сатып пайда табады, жұмыссыздық азаяды.

Жоғарыда аталған Қазақстандағы инновациялық туризмді еліміздің қай өңірін алсақта дамытуға мүмкіндігі мол. Сондықтан еліміздегі туроператорлар шетелдік және отандық туристерге туристік маршруттар құрастыруы маңызды. Ол үшін ең маңыздысы олардың келгендегі мақсаты не, қызығушылықтары қандай екендігін

анықтап соған қарай тур ұсынуымыз қажет. Мысалы Манғолиядан келетін туристерге Ұлытауға тур ұйымдастыруға болады.

Жоғарыда атағанымыздай мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында және «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс» деп атаған еді [1]. Себебі ол жерде Республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекет тізіміне енгізілген Жошы хан күмбезі, Алаша хан, Домбауыл кесенесі, Хан ордасы мен Әулиетаудай киелі орындары мен тасқа басылып, қашалған қазақтың барлық руының таңбасы жатыр. Сондай-ақ мұнда Қазақ хандарының аллеясы мен «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай қорығы ел игілігіне айналды. Сондықтан біз осындай ірі тұлғаларды халықаралық туризмді дамыту үшін тиімді пайдалануымыз қажет.

Әлемнің қай қаласын алсақта ол өзінше бір өткен тарихынан сыр шертеді. Сондай қаланың бірі- Алматы қаласы, қала табиғи әлеуетке бай, тарихи-мәдени мұраға ие, Ұлы Жібек жолындағы көне қалалардың бірі. Мұнда әр түрлі тақырыпта экскурсия ұйымдастыруға болады. Соның бірі, белгілі бір көшеге арналған жаяу экскурсия.

Сондай көшелердің бірі, еліміздің өркендеуіне қазіргі дамуына өшпес мұра қалдырған, зиялылардың ізі қалған әйгілі Төлебаев көшесі. Бүкіл қаланы солтүстіктен оңтүстікке қарай Ташкент қаласынан бас арыққа дейін кесіп өткен ең көне қала көшелерінің бірі. XX ғасырдың 60-70-ші жылдарының басында көше толығымен қайта құрылды, мұнда Қазақстандық кеңестік зиялыларының өкілдері тұрды, мұндағы пәтерлер ыңғайлы және жайлы болғандықтан басқа шағын аудандарға қарағанда бірнеше есе қымбат болды. 1989 жылы КСРО кезінде осы көшеде «Игла» фильмінің соңғы кадрлары түсірілген болатын, фильмде басты кейіпкерді сомдаған Виктор Цой болды.

М.Төлебаев көшесіне жасалатын экскурсияны екі тақырыпшаға бөліп қарастыруға болады:

– Төлебаев көшесінің сәулетті көрікті жерлері;

– Төлебаев көшесінде тұрған көрнекті тұлғалар.

#### **Бірінші тақырыпша:**

– композитор және педагог, «Амангелді»

операсының авторлық бірлестігінде және «Біржан мен Сара» операсының авторы, оркестрлік және камералық шығармалардың, музыка мен фильмдердің, әндердің авторы, Қазақстанның мемлекеттік гимні музыкасының авторларының бірі Мұқан Төлебаев ескерткіші;

– Мукан Төлебаевтың ескерткішінен кейін 1970 жылы тұрғызылған Жетісудың 7 бұлағы мен жеті өзені бейнеленген «Жетісу» (Семире-чья) фонтаны орналасқан.

– Қазіргі «Арасан» сауықтыру кешенінің ғимараты – КСРО тұсындағы Алматының бас жоспарына сай іске асқан бірегей сәулет жобаларының бірі.

– Көпес Ғабдулвалиевтің үйі. Төлебаев пен Мақатаев көшелерінің бойында екі қабатты, тікбұрышты, жертөлесі бар үй. Қаланың көпестер гильдиясында Ғабдулвалиевтердің тегі ерекше құрметке ие болды, олар Верный империяның шетіндегі уездік қала болған кезде барлық қалалық сауданы дамытты.

– Көпес Радченконың үйі. XX ғасырда көпес Радченконың тапсырмасымен салынған. Қазіргі уақытта бұл үй темірден жасалған бұйымдарды сататын сауда-өнеркәсіптік фирмасының басшылары «Николай Радченко және ұлдары Петр мен Василий» Радченконың көпес үйіне ұқсайды.

#### **Екінші тақырыпша:**

– Абай көшесінен төмен Төлебаев көшесінде қаладағы ерекше сәулет ескерткіші, екі қабатты шағын бақшасымен ғылыми-мәдени орталық М. Әуезовтың мұражай үйі орналасқан ғимарат сәулетші Г. Герасимовтың жеке жобасы бойынша 1951 жылы салынған.

– С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтың әдеби-мемориалдық музей-кешені. Бұл нысан элиталық тұрғын үй кешенінде орналасқан. Пәтер музейі екі тақырыптық бөлімге бөлінген: әдеби және мемориалдық.

– Д.А.Қонаевтың музей-үйі. Мемлекетті дамытып-өркендетудегі рөлі мен еңбегі, адамгершілік қасиеттері, өмірінің тұрмыстық жағын Д.А.Қонаевтың музей-үйінен көруге болады. Музей-үйі екі бөліктен тұрады: музей-үй және мемориалдық музей-пәтер. Мұндағы музей-үй дегеніміз Д.А.Қонаевтың өмірі мен атқарған істеріне арналған жеке үй.

Жалпы М.Төлебаев көшесінде жоғарыда айтқанымыздай көптеген зиялы қауым өкілдері тұрған. Мұнда орналасқан әр үй туралы айтып өтуге болады. Осындай ірі тұлғалардың тұрған көшесіне экскурсия жасау арқылы біз жастар мен жасөспірімдерге өткен тарихымызды әңгімелей отырып, оларды отан сүйгіштікке, болашақ

маман иесі болуға тәрбиелей аламыз. Сондықтан бұл көшеде өткізілетін экскурсияның өзіндік ерекшеліктері бар. М.Төлебаев көшесінде шетелдік және отандық туристерге мақтанышпен жаяу экскурсия ұйымдастыруға болады.

#### Қорытынды:

Қазіргі экономикалық және саяси тұрақсыздық, қатаң бәсекелестік туристік кәсіпорындардың тез өзгеруін, сыртқы факторларға тез бейімделуін талап етеді. Туристердің үнемі өсіп келе жатқан қажеттіліктері мен сұраныстары,

сондай-ақ туристік нарықтың қанықтылығы туристік ұйымдардың алдына туристік өнімнің жаңа түрлерін үнемі іздеу, жаңа бағыттарды ашу және т.б. қажеттілігін тудырады. Сондықтан туристік саланы дамытудың инновациялық жолын енгізу қажеттілігі әрқашан бірінші кезекте тұруы керек. Қазіргі әлемдегі инновациялардың маңызы өте зор, өйткені инновациялық қызмет нәтижелерінің арқасында инновациялар қолданылатын сала дамиды, жақсарайды және нарықта өзіндік орыны болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Сындрлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі . – Текст : электронный // Әділет : [сайт]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (дата обращения: 13.01.2023).
- 2 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы. – Текст : электронный // Әділет : [сайт]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (дата обращения: 13.01.2023)..
- 3 Основы инновационной деятельности / Ответственный редактор С. В. Мальцева. – М.: Юрайт, 2019. – 527 с.
- 4 Лютерович, О. Г. Экскурсоведение: Учебное пособие / О. Г. Лютерович, Г. Ф. Ягофаров. – Алматы: Казахская академия спорта и туризма, 2021. – 301 с. – Текст: непосредственный.
- 5 Курило, Л. В. Основы экскурсионной деятельности / Л. В. Курило, Е. В. Смирнова. – М.: Советский спорт, 2012. – 208 с. – Текст: непосредственный.

#### References

- 1 Syndarly qoғamdyқ dialog – Qazaқstannуң tуraqtylyғу men ořkendeuiniң negizi. – Tekst : jelektronnyj // Әdilet : [sajt]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (data obrashhenija: 13.01.2023).
- 2 Qazaқstan Respublikasynуң turistik salasyn damytudуң 2019 – 2025 zhyldarға arналған мемлекеттік бағdarlamасын bekitu turaly Qazaқstan Respublikasy Ykimetiniң 2019 zhylyғу 31 mamырdary № 360 қаулысы. – Tekst: jelektronnyj // Әdilet: [sajt]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (data obrashhenija: 13.01.2023).
- 3 Osnovy innovacionnoj dejatel'nosti. Otvetstvennyj redaktor – S. V. Mal'ceva. Moskva – Jurajt – 2019. – 527 s.
- 4 Ljuterovich, O. G. Jekskursovedenie: Uchebnoe posobie / O. G. Ljuterovich, G. F. Jagofarov. – Almaty: Kazahskaja akademiya sporta i turizma, 2021. – 301 s. – Tekst: neposredstvennyj.
- 5 Kurilo, L. V. Osnovy jekskursionnoj dejatel'nosti / L. V. Kurilo, E. V. Smirnova. – Moskva: Sovetskij sport, 2012. – 208 s. – Tekst: neposredstvennyj.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Жақсыбекова Динара Кабировна, DBA докторы, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан e-mail: d.kabirovna@mail.ru	Жақсыбекова Динара Кабировна – доктор DBA, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан, e-mail: d.kabirovna@mail.ru	Zhaqybekova Dinara Kabirovna – doctor DBA, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan, e-mail: d.kabirovna@mail.ru